


10 айдағы депозиттердің көлемі туралы ҚРҰБ Ақша-кредит саясаты департаментінің директоры Жандос Шаймардановтың түсіндірмесі

Банк жүйесіндегі депозиттер биылғы 10 айда **15,3%-ға** немесе **2,916 трлн** теңгеге өсіп, **21,938 трлн** теңге болды, оның ішінде **теңгелік салымдар – 20,0%-ға** немесе **2,160 трлн** теңгеге өсіп, **12,980 трлн** теңгеге жетті.

Валюталық салымдар мейлінше қалыпты қарқынмен – **9,2%-ға** немесе **756,1 млрд** теңгеге, осы жылғы қазанның соңындағы **8,957 трлн** теңгеге дейін өсті. Валюталық депозиттерді бағамдық қайта бағалау жиынтық депозиттердің өсуіне (қазанның соңында өсудің **15,3%-нан** немесе үштен бір бөлігінен астамы **5,4 п.т.**) елеулі үлес қосып отыр.



Депозиттердің долларлануы жылдың басынан бастап **43,1%-дан** осы жылғы қазандағы **40,8%-ға** дейін, оның ішінде **корпоративтік сектор** депозиттерінің долларлануы **44,8%-дан 40,7%-ға** дейін, **бөлшек сектор** бойынша **41,3%-дан 40,9%-ға** дейін төмендеді.

